

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰК» АҚ 35 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ 35 МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРІ БАР ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ІРІ КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК КОМПАНИЯ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ҚТЖ-ДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДАМУЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫНА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНГЕН».



Серік КЕУЛІМЖАЕВ,  
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Аппарат басшысы



№80 (2897)  
26/09/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ВСТРЕЧА ТРАНСПОРТНЫХ ГИГАНТОВ



21-23 сентября 2023 года АО «НК «ҚТЖ» приняло участие в международной транспортно-логистической выставке China International Logistics Fair (CILF) в городе Шэньчжэнь (Китай).

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Астана

Выставка CILF проводится уже в течение 15 лет. В этом году она на своей площадке объединила более 140 тысяч экспертов транспортно-логической отрасли из более чем 50 стран, 1 800 стендов и экспонатов. Мероприятие является значимой и эффективной площадкой для де-

монстрации возможностей транспортно-логистической индустрии, встреч с партнерами и клиентами для обсуждения актуальных вопросов развития международной транспортной системы и логистики в условиях динамичной конкуренции на мировом рынке.

В рамках выставки состоялся международный форум, где заместитель председателя правления по логистике

АО «НК «ҚТЖ» Ерлан Койшибаев всесторонне осветил приоритетные направления развития транспортной политики Казахстана, проводимые в стране мероприятия по расширению транзитного, экспортного потенциала и инфраструктурных мощностей (модернизация железнодорожных путей, развитие терминальной инфраструктуры, а также

контейнерных и торговых хабов).

Кроме того, в рамках выставки проведен ряд встреч с крупными китайскими логистическими платформами, обсуждены текущие перевозки и перспективные планы по развитию сотрудничества и совместных проектов.

Напомним, буквально на днях в Ляньюньгане (КНР) в рамках первого форума сотрудничества грузовых поездов Китай – Европа были обсуждены вопросы стратегического планирования и взаимодействия по развитию ТМТМ и другие вопросы. В рамках визита казахстанской делегации состоялся также ряд встреч с ведущими китай-



скими компаниями. Кроме того, было организовано посещение совместного предприятия казахстанско-китайского логистического терминала в порту Ляньюньган, который является жемчужиной в сотрудничестве на современном Шелковом пути.

Фото автора

### ҚАРЖЫ САЛУҒА МҮДДЕЛІ



Ағымдағы жылдың 21 қыркүйегінде Астанада «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы мен Еуразиялық даму банкі басшыларының кездесуі болып өтті.

Оның аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның ірі даму жобаларын қаржыландыру мәселелері, соның ішінде Аягөз – Бақты теміржол желісі мен Қазақстан – Қытай шекарасындағы жаңа шекара өткелінің құрылысы талқыланды. Жаңа инфрақұрылым жүк айналымын жылына 20 миллион тоннаға арттырады деп күтілуде.

Банк басшылығы жаңа жобаны қаржыландыруды көздейтінін мәлімдеді. Кездесуде ЕАДБ Техникалық көмек қорынан жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге грант бөлу туралы келісімдерге қол жеткізілді.

Ислам ТАЛҒАТ

### ОБНОВЛЕНИЕ ДЛЯ УСКОРЕНИЯ



Делегация АО «НК «ҚТЖ» ознакомилась с работой инновационной путевой техники на Северной магистрали.

Казахстанская делегация железнодорожников побывала на «окне» по ремонту пути, организованном на участке Пречистое – Скалино (Ярославская область). Казахстанским железнодорожникам продемонстрировали щетноочистительную машину ШОМ-2000, комплекс первичной выправки пути МПВ и рельсоукладочный комплекс РУ-700 разработки предприятия «Тула-желдормаш», которые эксплуатируются на СЖД с весны этого года.

– В связи с ростом грузооборота ҚТЖ нуждается в увеличении пропускной способности участков, – пояснил цель визита директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Сакен Рахметов. – Для этого требуется высокопроизводительная путевая техника. Мы изучили работу новых путевых машин российского производства, обсудили все плюсы и минусы. Планируем приобрести такие же. Готовы разместить свои заказы на заводах-изготовителях.

Начальник Северной дороги Рашид Сайбаталов во время встречи с делегацией во главе с заместителем председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канатом Альмагамбетовым отметил, что в этом году рост грузооборота с СЖД через погранпереходы с Казахстаном составляет 17% к уровню 2022-го.

На сегодня отправлено уже более 860 тысяч тонн бумаги, лесных грузов, черных металлов, нефтепродуктов, грузов в контейнерах и прочих.

– Рост погрузки обеспечен в основном за счет организации перевозок в составе контейнерных поездов, – подчеркнул он. – Уверен, что дальнейшее сотрудничество будет способствовать поиску новых решений для развития наших компаний.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

### АҚТАУ ПОРТЫН АРАЛАДЫ



Қытайдың Ляньюньган қаласының Халық үкіметінің мэрі және «Ляньюньган порты» ЖШҚ Директорлар кеңесінің төрағасы жетекшілік еткен делегация Ақтау теңіз портының жұмысымен танысты.

Сапар қорытындысы бойынша қонақтар теңіз айлағының жоғары инвестициялық әлеуетін атап өтіп, Еуразиялық трансконтиненталдық тасымалдарды дамыту және Еуразиялық құрлық көпірін салу мәселелерінде белсенді ынтымақтастыққа дайын екендіктерін жеткізді.

Қазақстанның ауқымды жоспарлары – Еуропа мен Азияны байланыстыратын ірі көлік хабына айналуы нарықтардың өзара ашылуы және жеткізілім тізбектерін дамыту арқылы іске асырылуда. Ал Ақтау теңіз порты ТХКБ-ның жетекші буыны болып саналады.

Нұрбек БЕКЕН

### Форум

## КОРПОРАТИВТІК ВОЛОНТЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

Кеше ҚТЖ-да компанияның ерікті жастарының басын қосатын Корпоративтік волонтерлер мектебінің форумы шымылдығын түрді. Алғаш рет өтіп отырған бұл форумға еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрген ең үздік деген 120 волонтер теміржолшы қатысты.

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

Астана іргесіндегі Қоянды ауылында орналасқан «Золотой фазан» демалыс аймағында өткізілген іс-шараны компанияның Әлеуметтік саясат департаменті ұйымдастырды. Форумның ашылуына компанияның ғана емес, сонымен қатар «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері де қатысып, сөз алды, жастарға сәттілік тіледі. 25-26 қыркүйекте өткен екі күндік басқосу бағдарламасына сәйкес еріктілер «Волонтерлік бастамалар: тәсілдері және тәжірибесі» тақырыбында панельдік пікірталаста ой бөлісті. Сонымен қатар «Жыл волонтері»

байқауының таныстырылымы өтіп, соның аясында еріктілер 5 номинация, яғни «Үлкендерге жанашырлық», «Балаларға қамқорлық», «Табиғатты қорғау», «Қоғам мен ортаның дамуы», «Спорт және денсаулық» аталымдары бойынша марапатталды. Топтарға бөлініп, түрлі тақырыптарда тренинг, тимбилдингтерге, ойындарға қатысып жатқан жастардың волонтерлік мектебінен үлкен әсерде екені байқалып тұрды. Волонтерлер форум аясында инклюзив, әлеуметтік тұрмыссыз томен отбасыларға көмек, эковолонтерлік бағыты бойынша «Таза» ойындар, яғни экологиялық жастар жобасы барысында командалық эко-квестерге қатысты. Соның




шеңберінде қоқыс тазарту және сұрыптау жөнінен командалық жарыстар өткізілді. Сондай-ақ «Теміржол білгірлері» зияткерлік ойынына қатысқан еріктілер білімі мен ақыл-ой ұшқырлығын да көрсетті. Форум аясында ерік-

тілер осы сала бойынша жобалар ұсынды. Соның ішінен ең үздік 8 жоба тандап алынды. Оларды алдағы уақытта жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

### ТОЧКА ПРИЛОЖЕНИЯ УСИЛИЙ

Казахстан и Китай продолжают искать возможности для расширения сотрудничества в транспортно-логистической сфере.



**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Астана

В ходе рабочего визита в КНР министр транспорта РК Марат Карабаев встретился с руководителем собрания народных представителей города Циндао провинции Шаньдун и посетил автоматизированный контейнерный терминал порта Shandong port group.

На сегодняшний день Shandong port group договорилась о сотрудничестве с портами Қурық и Ақтау в части расширения их мощностей, а также с АО «НК «ҚТЖ» в области развития логистических продуктов и цифровых сервисов, экспорта казахстанской продукции, развития морских портов и другой логистической

инфраструктуры Казахстана.

После ознакомления с работой порта министр транспорта Казахстана и представители SPG обсудили реализацию таких потенциальных совместных инвестпроектов, как строительство логистического торгового завода в Ақтау, расширение портовых логистических ресурсов и др.

Также в этот день Марат Карабаев посетил контейнерный терминал GA COSCO и провел переговоры с генеральным директором китайско-сингапурского совместного предприятия, которое



занимается международной комплексной контейнерной логистикой и морскими импортными и экспортными перевозками грузов. Компания является одним из ведущих логистических предприятий в Циндао с точки зрения масштаба, сервисных функций и комплексной мощностей.

В ходе переговоров Марат Карабаев и Лю

Сяоцзюнь обсудили вопросы предоставления казахстанским экспортерам доступа на рынки КНР и стран Юго-Восточной Азии через инфраструктуру GA COSCO, а также возможность совместной проработки алгоритма доставки китайских и транзитных грузов стран ЮВА, Японии и Южной Кореи через порт Циндао по ТМТМ.

Кроме того, стороны

рассмотрели возможность совместного развития новых сервисов по доставке экспортных грузов КНР и транзитных грузов стран ЮВА, Японии и Южной Кореи из/через порт Циндао в страны Центральной Азии и совместного оперирования парком контейнеров GA COSCO и казахстанских транспортных логистических предприятий по указанным маршрутам.

Также министр проделовал в провинцию Цзянсу, где провел встречу с руководством партийного комитета города Ляньюньган и посетил Казахстанско-китайский логистический терминал, реализованный совместно с АО «КТЗ «Express». Все контейнерные перевозки, направляемые из Казахстана в Китай и страны Юго-Восточной Азии и обратно, перерабатываются именно на данном терминале. С момента запуска в 2014 году инфраструктурный объект обработал более 1,7 миллиона ДФЭ.



**ТЕСНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО С WAVTES CORPORATION, В ЧАСТНОСТИ РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА ПО ВНЕДРЕНИЮ ПРОГРАММЫ TRIP OPTIMIZER ДЛЯ РАБОТЫ ГРУЗОВЫХ ПОЕЗДОВ, ПОЗВОЛЯЕТ СНИЗИТЬ РАСХОД ТОПЛИВНО-ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ РЕСУРСОВ, А ТАКЖЕ СНИЗИТЬ ИЗНОС ОБОРУДОВАНИЯ. БОЛЕЕ ТОГО, ТЕХНОЛОГИЯ ТАКЖЕ АНАЛИЗИРУЕТ ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ ЛОКОМОТИВА, ЧТО ПОЗВОЛИТ МАКСИМАЛЬНО ЭФФЕКТИВНО ИСПОЛЬЗОВАТЬ ЕГО ПОТЕНЦИАЛ**

### САНДАР СӨЙЛЕДІ:

ӨТКЕН СЕГІЗ АЙДА ЕЛІМІЗДЕГІ ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҚТАРЫНА

**43,1 МЛН ТОННА**

КӨМІР ЖЕТКІЗІЛГЕН.

ӘЛЕМДІК КӨШБАСШЫ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ БІРІ WAVTES ЕЛІМІЗДІҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА САЛАСЫНА

**1 МЛРД ДОЛЛАР**

КӨЛЕМІНДЕ ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЮДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

2014 ЖЫЛЫ ЛЯНЬЮНЬ-ГАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕРМИНАЛ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАННАН БЕРІ ҚАЗІРГІ УАҚЫТҚА ДЕЙІН

**1,6 МЛН**

АСТАМ КОНТЕЙНЕР ТАСЫМАЛДАНҒАН.

## ТЕЛІМ ШЕКАРАСЫ НАҚТЫЛАНДЫ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей



ЖОБА

**Абай облыстық әкімдігінде теміржолшылар мен атқарушы билік өкілдері бас қосқан жиын өтті. Басты тақырып жаңадан салынатын Аягөз – Бақты теміржол телімінің шекарасын нақтылау және осы бағыттағы алдағы уақыттарда атқарылатын жұмыстарды пысықтау болатын.**

Күн тақырыбындағы өзекті мәселелер қатарында Қазақстан мен Қытай шекарасын Семей – Ақтоғай телімімен байланыстыратын жаңа теміржол құрылысы үшін жерлерді резервке алу мәселесі қаралды. Аталмыш жаңа телім қазіргі Аягөз, Үржар және алдағы уақытта жаңадан құрылатын Мақаншы ауданының аумағымен өтеді. Сәйкесінше бірқатар мәселелер бар. Себебі жаңа теміржол елді мекендер іргесімен өтіп, ауылшаруашылық мақсатта пайдаланылатын аумақтарға түседі. Бұл ретте Таскескен ауылы сынды аса күрделі аумақтар бар. Осынау мәселелер бойынша негізінен жергілікті атқарушы билік өкілдері жұмыс жүргізуде.

Айта кетер жайт, жаңа теміржол телімін сапалы салу үшін әрі жергілікті тұрғындар тарапынан реніш тудырмау үшін әлі де біршама жұмыс жүргізу қажет. Осы тарапта қажетті жер телімдерін резервке алумен айналысатын комиссия құрылды. Оның жұмысын облыс әкімінің орынбасары Айдын Кәрімов өз назарына алатын болды.

Сонымен қатар аталмыш отырыс барысында Семей ЖТ бөлімшесі басшылығы өтінішімен комиссия мүшелері болжамды теміржол бағытын жан-жақты түрде талқылап, жер учаскелеріндегі меншік иелерінің тізімін қарастырды. Бұл орайда Семей магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Айдос Жаманбаев пікір білдіріп өтіп, теміржолшылар тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар қатарымен де кең көлемде таныстырып өтті. Аталмыш шара ұлттық компания басшылығының назарында тұрғандығын айта кеткен орынды.

Тоқтала кетерлігі, жаңа теміржол Қазақстан мен Қытай мемлекеті арасындағы тауар айналымын елеулі мөлшерде арттырып, сонымен қатар теміржол арқылы жүктерді тасымалдау инфрақұрылымын жақсарту түсуге ықпал етеді деп күтілуде.

## СЫЙАҚЫ АЛДЫ

**Абай ЕРТІС,**  
Семей



ЫНТАЛАНДЫРУ

**Семей ЖТ бөлімшесі бойынша бір топ теміржолшы пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз еткен еңбектері үшін арнайы сыйақымен марапатталды.**

Олардың қатарында әсіресе қозғалысшылар, соның ішінде станция қызметкерлері көп. Атап айтсақ, Семей станциясы бойынша сигнализатор Ертіс Жасланов, осы станцияның пойыз қабылдаушысы Медет Дәуітбаев, сұрыптау дөңесінің кезекшісі Әнуар Сабырғалиев, пойыз құрастырушы Арман Исабаев және сонымен қатар Жаңа-Семей жүк станциясының СДВ үйлестірушісі Сағатбек Нұрмағанбетов бар. Бұл тізім алдағы уақыттарда да толығырақ түсетіні анық. Себебі өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау инженерлері қызмет барысында қырағылық танытып, тосын жайттардың алдын алған жандардың жаңа легін анықтауды бастап кетті.

## Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабы 1-тармағының 9-2) тармақшасына сәйкес өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жылдағы статистика бойынша қалыптасқан бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруіне байланысты, 2023-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге бекітілген тарифтің өзгергені туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2023 жылғы 15 қыркүйектегі №127-НҚ бұйрығының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2020 жылғы 19 қарашадағы №65-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізіліп, 2021-2025 жылдарға арналған кірме жолдар қызметтеріне тарифтер бекітілді және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 131-НҚ бұйрығының күші жойылғанын ескере отырып, келесі тарифтер бекітілді:

### 1-қызмет

2021 жылға – ҚҚС есебінсіз вагон/км үшін 148,27 теңге;  
2022 жылға – ҚҚС есебінсіз вагон/км үшін 152,99 теңге;  
2023 жылға 01 қаңтардан бастап – ҚҚС есебінсіз вагон/км үшін 142,83 теңге;

2023 жылға 01 шілдеден бастап-ҚҚС есебінсіз вагон/км үшін 192,90 теңге;

2024 жылға – ҚҚС есебінсіз вагон/км үшін 206,14 теңге;

2025 жылға – ҚҚС есебінсіз вагон/км үшін 211,74 теңге.

### 2-қызмет

2021 жылға – ҚҚС есебінсіз вагон/сағ үшін 49,49 теңге;

2022 жылға – ҚҚС есебінсіз вагон/сағ үшін 51,06 теңге;

2023 жылға 01 қаңтардан бастап – ҚҚС есебінсіз вагон/сағ үшін 47,67 теңге;

2023 жылға 01 шілдеден бастап-ҚҚС есебінсіз вагон/сағ үшін 64,42 теңге;

2024 жылға – ҚҚС есебінсіз вагон/сағ үшін 68,80 теңге;

2025 жылға – ҚҚС есебінсіз вагон/сағ үшін 70,67 теңге.

## ЖАҢАРҒАН ЖАМАНСОР



АЙМАҚ

**Атырау өңіріндегі Жамансор – облыс орталығынан ең шалғайдағы Қызылқоға ауданы аумағындағы шағын станция. Станцияға күніне 20 шақты пойыз келіп кетеді. Оның ішінде жүк және жолаушы пойыздарымен қатар, мұнайшыларды тасымалдайтын қала маңы тасымалы пойызы да қатынайды. Станция бастығы Дарын Есенов жас кадрлар қатарынан.**

**Қосұым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

– Жамансор – 4-ші класты, үш жолы бар станция. Мұнда тәулігіне жиырмадан астам жүк және жолаушы пойыздары келеді. Бұрын одан да көп болатын, пойыздардың бірі келіп, бірі кетіп жатқан қарбалас шақтар еді. Қазір ондай жүктеме жоқ. Станция басында вокзал, электрмен, байланыспен жабдықтау, жол дистанциясы, вагон шаруашылығы бөлімшелері бар. Атырау-Алматы, Атырау-Астана бағытына жүретін жүздеген пойыздар шыққалы жұмысымыз біраз күрделенді, жауапкершілік артты. «Тальго» пойыздары қатты жылдамдықпен жүретіндіктен байланыс, электр құралдарының дұрыс жұмыс жасауына, қауіпсіздікке баса мән беріледі. Жалпы станция қалыпты жұ-



мыс жасап тұр, отырған жеріміз жылы, алаңсыз жұмыс жасауға жағдай бар. Жүк тасымалына келсек, өткен 8 айда 731 вагон жүк түсіріліп, 94 вагон жүк тиеді, – дейді ол.

Станцияға күрделі жөндеу жүргізілетін ғимарат іші де, сырты да жарқырап тұр. Кезекшінің бөлмесі бөлек, станция бастығының, аға электромеханиктің өз бөл-



мелері бар. СОБ қондырғылары қорабы бір бөлмеде орналасқан. Бұрын байланыс құралдары ашық-шашық тұратын болса, енді олардың бәрін арнайы қорапқа орналастырып, монтажданып, барлық байланыс түрлері жаңаша орнатылды. Бұл – қандай да ақау бола қалса, соны дәл табу үшін және ақауды уақытлы орнынан келтіру үшін аса қажет шаруа. Қозғалыс қауіпсіздігі, бағдаршам, бұрмалардың дұрыс жұмыс жасауына зор мән беріледі. Станция қызметкерлерінің бәрі де сол Жамансор ауылының байырғы тұрғындары. Бұлар үшін болат жолдағы жұмыс сүйікті мамандығы болумен қатар, тіршілік ету өзегі деуге де болады. Жамансор станциясында барлығы 8 бағдаршам, 6 автоматты түрде жұмыс істейтін бағыттамалы бұрма бар. Бәрі де қалыпты жұмыс жасап тұр.

*Суреттерді түсірген автор*

## КІЛ МЫҚТЫДА КІМ МЫҚТЫ?



БАЙҚАУ

**Қазалы вагон пайдалану депосының теміржолшылары аймақтағы үздік вагон қараушыларды анықтады. Сонымен кіл мықтыда кім мықты дейтін болсақ, нағыз вагон қараушыға тән қырағылықпен, озық тәжірибесін көрсете білген Қызылорда техникалық қызмет көрсету бекетінің вагон қараушы-жөндеушісі Рысбек Оразалиев жүлделі 1-орынды қанжығасына байлады.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қазалы

Компанияның Қызылорда ЖТ бөлімі мен Қауіпсіздік департаментіне қарасты Қызылорда учаскесінің ревизорлар аппараты басшылығымен бірлесіп ағымдағы жылда қозғалыс қауіпсіздігін нығайтуға арналған профилактикалық шаралар жүргізу жоспары бойынша депонның үздік теміржолшылары арасында «Үздік вагон қараушы» сайысы өтті.

Биыл Түркістан мен Сексеуіл станциялары арасындағы депонның вагондарды бақылау пункттерінде жұмыс жасайтын вагон қараушы-жөндеушілердің ішінен ең үздігі Қазалы станциясындағы depo орталығында өткен байқауда бақ сынады. Depo бастығы Арғын Орымбаев, кәсіподақ ұйымының төрағасы Бақытжан Ибрайым, басшы орынбасарлары мен тәлімгер, инструкторлардың 2 сатылы сынағына түскен вагон қараушылардың барлығы жинаған тәжірибелерімен бөлісіп, теориялық білімін дәлелдеп, шеберліктерін байқатты.

– Бүгінгі екі турдан тұратын үздіктер сынағына қатысқан вагон қараушы-жөндеушілер – шын мәнінде депонның мақтаныштары. Олар – осыған дейін өздері еңбек ететін бақылау бекеттерінен ақаулы вагонды өткізбей таба білген тәжірибелі теміржолшылар. Алғашқы турда теориялық білім сынға салынды. Екінші емтихан



кезінде ағымдық жөндеу түйығында (АЖТ) тұрған №24474280 вагонының техникалық жағдайын қарап, оның техқұжатқа сәйкес емес тұстарын практикалық тұрғыдан анықтады. Бұл вагон қараушының бекетке аялдаған вагондарға күнделікті техқызмет көрсету әрекеттері сараланған сынақта үміткерлердің барлығы шеберліктерін дәлелдей білді. Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін нығайтуға арналған профилактикалық шаралар санатындағы мұндай сынақтар әріптестерінің өз кәсібін жан-жақты меңгеруге машықтандыра түседі, – деді байқаудың қазылар төрағасы, depo бастығы Арғын Орымбаев.

Сынақ нәтижесінде Шиелі техникалық қызмет көрсету бекетінің вагон қараушы-жөндеушісі Табиғат Абдураев жүлделі

3-орынды иеленді. Қазалы ТҚКБ вагон қараушы-жөндеушісі Серік Шаден жүлделі 2-орынға шықса, өзгелерден өз тәжірибесімен және біліктілігімен асып түскен Қызылорда ТҚКБ вагон қараушы-жөндеушісі Рысбек Оразалиев жүлделі 1-орынды қанжығалады. Бұдан бөлек Сексеуіл станциясындағы техқызмет көрсету бекетінен Қайырбай Нұрсейітов, Болатбек Сансызбаев, қазалылық Айбек Қараманов, Нұрсұлтан Бақытжанұлы, Тереңөзектегі бақылау бекетінен Александр Абдураимов та өз кәсіптерінің үздіктері болуға лайық екендіктерін дәлелдеді. Сынаққа қатысушылар мен жүлдегерлерге depo басшылығы және кәсіподақ ұйымы атынан дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

*Суретті түсірген автор*

## МАЛҒА ҚАРАУ БОЛМАЙ ТҮР



ҚАУІПСІЗДІК

**Жолға малдың шығып кету мәселесі өзектілігін жоймай отыр. Теміржолшылардың жылдағы жырына айналған бұл түйткілді шешетін қандай жолдар бар? Оған халық не дейді, күнкөріс үшін өсіріп отырған малының арам қатқаны тұрғындарға да жақсы болмаса керек?!**

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Мәселен, биыл жыл басынан бері Маңғыстау жол дистанциясы аумағында сегіз малды пойыз басыпты. Демек, бұл пойыздардың жолдан шығып кету қауіпімен сонша рет бетпе-бет келді дегені. Мамандардың айтуынша, төрт түліктің ішіндегі терісі қалың жануарды соққан пойыздың жолдан шығып кету қауіпі де жоғары болатын көрінеді. Ондай жағдайда бүкіл бір құрам аударылып, арты қандай өкінішке ұрындырары мүмкін екенін тұрғындармен кездесулерде үзбей айтып келе жатқанын жеткізді. Малға қарсы қоршауларды да жылда салып, жаңартып жатқанын алға тартады. Маңғыстау жол

дистанциясы бойынша биыл 10-11 бекеттер, Шетпе ст.-13-бекет, 12-13 бекет, 12-11 бекет аралықтарының оң және сол жағына 88,7 шақырым жаңадан қоршау құрылыс жұмыстары жүргізілуде екен. Құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін бітіру жоспарланған.

– Осы жылы теміржолдағы шұғыл тежеу берулер көбейіп кетті. Өткен сегіз айда 148 жағдай тіркеліп, бытырғы салыстырмалы мерзімдегіден 31 дерекке артты. Соның салдарынан 7,40 тонна дизельдік отын шығын болды. 8 мал пойыздың астына түсті. Бұл мал Бастау – Ақбөбек бекеттері, Өзен ст. – Бастау, 10-11 бекет, 11-12 бекет, 12-13 бекет, Қарақия ст. – Жетібай ст., 14-15 бекет, Ақбөбек бекеті – Болай ст. аралықта-

рында кездескен. Содан бір жағдайда ғана малдың кімдікі екені анықталмады. Қалғанында иесі табылып, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 30-тарау 559-бабы 1-бөлігіне сәйкес ескерту беріліп, айыппұл салынды. Сондай жағдайлардың алдын алу жұмыстарын түрлі деңгейде өткізіп жатырмыз. Қазірге дейін жеті жүзден астам адамға түсінік жүргіздік. Мал иелеріне түсіндіріп, арнайы бақташы ұйымдастыруға аудан әкімдіктеріне хат жолдадық. Желілік полиция бөлімшесі және ауыл әкімшілігі қызметкерлерімен бірлесіп теміржолға жақын Боздақ, Батыр, Баянды, Емір ауылдарында болып, тұрғындармен кездестік, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Ержан Артықбаев.

## В АВАНГАРДЕ ИЗМЕНЕНИЙ



ФОРУМ

**Любовь РОВБА,**  
Астана

Участниками встречи на информационной онлайн-платформе TransExpert стали директор Центра трансформации бизнеса АО «НК «КТЖ» Ержан Наурызбаев, управляющий директор по терминальной деятельности АО «Кедентранссервис» Марат Байтуренов, управляющий директор по логистике АО «KTZ Express» Айбек Капар и заместитель председателя Лиги прав потребителей Мурат Абенев.

– Казахстан сейчас является флагманом перестройки транспортного каркаса Евразии, сказал Президент страны, выступая на Евразийском экономическом форуме. И мы можем это подтвердить. Все геопо-

**Транспорт – это новая нефть. Такое мнение озвучено на очередном эксперт-форуме «Магистраль» по вопросам международного логистического сотрудничества и развития транзитных транспортных коммуникационных путей.**

литические шоки, которые происходят вокруг нас, – это и риски, и большие возможности, – отметил Ержан Наурызбаев.

В прошлом году КТЖ перевезла через Казахстан более 23 миллионов тонн грузов. Поставлен исторический рекорд по контейнерным перевозкам – 1 миллион 129 тысяч ДФЭ.

– И в этом году будет перевезено еще больше. По итогам восьми месяцев мы идем на улучшение показателей транзита как с точки зрения тоннажа, так и контейнеров, – сказал Ержан Наурызбаев. – Если сейчас за счет транзита через Казахстан мы зарабатываем более миллиарда евро, то с увеличением пропускной способности эта цифра может вырастикратно.

Он добавил, что в последние годы можно

услышать новую корпоративную мантру: «Транспорт – это новая нефть».

– Поэтому в своем Послании Глава государства столько внимания уделил развитию транспортного транзитного потенциала. Если мы сможем увеличить долю транспорта в ВВП, то увеличим и приток валютной выручки, но не за счет экспорта сырья. Стоит задача – 9% ВВП Казахстана должно приходиться на транспорт и логистику, и это то, над чем мы сейчас работаем.

Казахстан находится на перекрестке двух больших международных торговых маршрутов: Восток – Запад и Север – Юг. И работа по выстраиванию международного партнерства велась КТЖ как раз в этих направлениях.

В мае подписано соглашение о создании

совместного предприятия для развития ТМТМ с одной из крупнейших логистических компаний мира – сингапурской PSA International. Обсуждаются инвестиционные проекты в сфере транспорта и логистики с Abu Dhabi Ports Group, в частности по развитию портовой инфраструктуры.

– Мы хотим выйти за рамки Казахстана и оказывать услуги в других странах, реализуя принцип «одного окна». Одним из основных партнеров мы видим здесь Abu Dhabi Ports Group. Это молодая компания с большим активом и компетенциями, в том числе по территории Ирана, который считается сложным участком из-за санкций, – отметил управляющий директор по логистике АО «KTZ Express» Айбек Капар. – Сейчас мы в процессе создания СП на паритетной основе, мы никому не даем ущемлять наши права. Рассматриваем также варианты сотрудничества с Shandong Port Group.

Работа по созданию еще одного совместного предприятия на ТМТМ ведется вместе с Грузинской и Азербайджанской железными дорогами. Налажено партнерство с Китаем.

– Мы разработали с руководством КТЖ несколько базовых принципов для фор-

мирования международных партнерств. Первый – 100% МЖС всегда остается в собственности государства. Второй – мы открыты к сотрудничеству со всеми компаниями. Третий – мы никому не даем эксклюзив. Четвертый – 100-процентное соблюдение международного санкционного режима. И пятый – возможность для нацкомпании зарабатывать деньги за пределами Казахстана – точки зарождения, поглощения грузов, маржинальность находится там, – отметил Ержан Наурызбаев.

Он добавил, что трансформация КТЖ – вопрос комплексный, и в компании к нему подходит комплексно. Как с точки зрения международного сотрудничества, так и развития инфраструктуры, обновления парка локомотивов и вагонов и т. д.

– Приоритетные инфраструктурные проекты для Казахстана – Достык – Мойынты и Бакты – Аягос. Они позволят расширить узкие места, увеличить пропускную способность, и не отстать от мировых лидеров, которые сегодня реализуют инвестпрограмму по развитию транспорта. Ведь транспорт – это новая нефть не только для Казахстана, но и для Германии, России, США и других стран, – заключил Ержан Наурызбаев.

## СТРЕМЛЕНИЕ К ЗНАКУ РАВЕНСТВА



СОЦИУМ

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Астана

КТЖ как самый крупный работодатель выступает проводником по решению вопроса гендерного равенства. В Казахстане на железнодорожном транспорте трудятся немало женщин. Несмотря на то что работа на магистрали требует не только высокой квалификации, но и полной самоотдачи, они еще успевают полноценно заниматься домом, семьей, уделять время родным и близким, реализовывать

**В АО «НК «КТЖ» вопрос продвижения гендерного равенства есть в повестке дня. На сегодня в КТЖ работают более 26 тысяч женщин, что составляет 23% от общей численности работников.**

и проявлять себя в интересных хобби, увлечениях, спорте.

Даже в таких «неженских», на первый взгляд, профессиях, как монтер пути, машинист локомотива, поездной диспетчер, электромеханик СЦБ, трудятся нежные и утонченные девушки. На сегодня женщины работают и в топ-менеджменте компании, есть и руководители подразделений – их более двух тысяч, специалистов – более девяти тысяч, служащих более семи тысяч, рабочих – более семи тысяч, в том числе отмечен-

